

**«Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры» республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша
Аналитикалық анықтама**

г.Алматы

«19» желтоқсан 2023ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - кәсіпорын) қызметінде 01.01.2023-19.12.2023 жж. аралығында жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ театр директоры 2023 жылғы 01 желтоқсан 01-05/177Н бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2011 жылғы 06 желтоқсандағы №861 бұйрығымен бекітілген кәсіпорын Жарғысын, ұжымдық шартты, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексін, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы», Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесін, Қазақстан Республикасының Мәдениет, Қазақстан Республикасының Мәдениет, бюджеттік заңнама және басқа да салалардағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Кәсіпорын қызметінің мәні - мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты - қазіргі заманғы драматургияның шығармашылық жетістіктерін, қазақ, орыс және әлемдік классиканың үздік үлгілерін көрсету, көрермендерді эстетикалық тәрбиелеу, Қазақстан Республикасы халықтарының мәдениетін өзара байытуға жәрдемдесу, театрлық қойылымдарды жасау, мемлекеттің театр өнері саласындағы мәдени саясатын іс жүзінде іске асыруға бағытталған сахналық ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу жөніндегі жұмыс тобы кәсіпорындар өз қызметінде басшылыққа алатын заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді, Жергілікті құқықтық актілерді зерделеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде 2023 жылғы 01 желтоқсан мен 2023 жылғы 19 желтоқсан аралығындағы кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдаудан келесі бағыттар өткізілген:

Театрдың 2023 жылдың 01 қаңтарынан бастап 19 желтоқсаны айларындағы өндірістік көрсеткіштерін орындалуы:

№	Көрсеткіштердің атауы	өлшем бірлігі	2023 жыл жоспар	факт	%
1	Көрермендердің саны	мың адам	85 000	108 102	127,1
2	Қойылымдардың саны	бірлік	185	237	128,1
3	Жалпы кіріс:	мың теңге	1 611 141	1 622 784,5	100,7
3.1	Театр билеттерін жүзеге асыру	мың теңге	143 775	136 957,5	95,2
3.2	Басқа кірістер	мың теңге	17 339	35 800	206,4

Персоналды басқару:

№	Штат саны	Нақты саны	2023 жыл 01 қаңтарынан бастап 19 желтоқсаны аралығында жұмысқа қабылданғандар	2023 жыл 01 қаңтарынан бастап 19 желтоқсаны аралығында жұмыстан босатылғандар	Бос лауазымдар	Тәртіптік жаза берілгендер (Ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс)
1	294	292	41	37	2 (1- еден жуушы; 1- техникалық қауіпсіздік	15

					инженері;	
--	--	--	--	--	-----------	--

Кадрлардың тұрақтамауының негізгі себебі қызметкерлердің төмен жалақысы, сондай-ақ қызметкердің басқа жұмысқа ауысуына байланысты өз бастамасы болып табылады.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік берілген жоғары кәсіптік және техникалық білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді, тексеру барысында барлық қызметкерлер тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген, біліктілік талаптарына, заңнамаға сәйкес екендігі анықталды.

Сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, Мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарда жұмысқа орналасуға жол бермеу бөлігінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген ұйымдардың болмауы тұрғысынан кәсіпорын қызметкерлерінің, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшыраған кәсіпорын қызметкерлерінің (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда): адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін жеке істері тексерілді.

Жұмысқа қабылдау барысы кезінде жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылары және қыз асырап алушылары, асырап алынған балалары, аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымдарға орналасу фактілері анықталған жоқ.

Жұмыс тобы кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің "Ақпараттық сервис" базасынан алынған соттылықтың жоқтығы туралы анықтамалардың бар екенін анықтады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында қолданыстағы заңнамамен лауазымды тұлғалар үшін белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу (оның ішінде коммерциялық ұйымдарды сенімгерлік басқаруға беру және т.б.) белгіленбеген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында кәсіпорын қызметінде мүдделер қақтығысы анықталмаған.

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алуы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы Заңының, «мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11

желтоқсандағы № 648 бұйрығының нормаларына сәйкес жүргізіледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізіледі және өнім берушімен қандай да бір байланыс болдырмау керек. Шарттарды жасасудың тек электрондық форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және дұрыс ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

2023 жылы 1 қаңтардан бастап 2023 жылдың 19 желтоқсанына дейін Мемлекеттік сатып алу порталы бойынша 135 Келісімшарт жасалынды. Оның ішінде:

- тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 20 келісім-шарт;
- ашық конкурс тәсілімен 0 келісім-шарт;
- алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс- 1 келісім-шарт
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 87 келісім-шарт;
- өткізілмеген конкурс бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен 5 келісім-шарт.

Жоғарыда айтылған Келісімшарттардың қажеттілігі - театрдың қызметкерлерінің сұранысы бойынша қойылымдарға және театр ғимаратын қамтамасыз ету барасында алынған заттар мен қызмет түрлері.

Бағасының қолайлығы – коммерциялық ұсыныстар арқылы төмен бағамен алынған заттар және біздің ұсынып отырған бағаға сай болуы.

2023 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 19 желтоқсан аралығындағы жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңмен танысып шықты.

2023 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2023 жылдың 19 желтоқсан аралығында «Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры» РМҚК-на e-Отinish сайтына жеке тұлғалардың өтініштері түскен. Бұл өтініштер уақытысында қаралып, орындалған.

Заңның 1-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бұл сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), ол үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылған қызметкерлер жоқ.


Прокурорлық қадағалау актісі түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, жұмыс тобы кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ деген қорытындыға келді.

Мониторинг нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.


Жұмыс тобының мүшелері:

Жұмыс тобының жетекшісі




Г.Алимбаев

Бас бухгалтер




Б. Рахимова

Кадр бөлімінің басшысы




А. Ақмолда

Кәсіподақ




Р. Жақыпбаева

Режиссер



А.Оспанбаева

Комплаенс офицер



Г.Чегебаева